Қамқоршылық кеңесінің отырысы

ХАТТАМАСЫ №4

Өтілген күні:03.05.24ж

Қатысқандар: Қамқоршылар кеңесінің құрамы,мектеп әкімшілігі,сынып жетекшілер

Баужанов Хабзат Касенович, Куанышбаева Балкен Жуматаевна, Ергалиева Айнагуль Кайырбековна, Мазбаева Зауре Казезтаевна, директордың тәрбие ісінің меңгерушісі: Дәмегүл Мұхамедрахимқызы Кенжина,әлеуметтік педагог: Құралай Бекмұратқызы Тилеубаева,6 «ә» сынып жетекшісі Ә.С.Садықова, 9 «а» сынып жетекшісі К.К.Шолтышева

ZOOM интернет платформасы бойынша:Абжанова Индира Алмасовна, Жусупова Дамежан Талгатовна,Бримжанова Шынар Асылбековна,Сарсенбаева Айнагуль Нурлыбековна, Имангалиева Самал Кайыргельдықызы, Шарипова Аида Кайратовна.

Қатыспағандар:Сәбетхан Екпін (жұмыс бабына сәйкес)

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Мектеп жанындағы «Балдәурен» және қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерьлеріне әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды қатыстыру.

Жауаптылар: Ә.С.Садықова, Г.М.Садыкова, Қ.Б.Тилеубаева

2. Мектеп алаңын көгалдандыру,жазғы еңбек практикасы. ( 5-10 сыныптар)

Жауапты: К.К.Шолтышева

3.Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмысының қорытындысы және 2024-2025 жылға жоспар дайындау.

Жауаптылар:Қамқоршылар кеңесінің төрағасы және қамқоршылар кеңесінің мүшелері

4.Әртүрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.М.Кенжина сөз сөйледі.Өз сөзінде мектеп жанындағы «Балдәурен» лагерь бойынша атқарылатын жұмыстар туралы баяндады.«Балдәурен» лагері 2024 жылдың 3-21-ші маусым аралығында өткізу жоспарлануда.Жалпы мектепалды даярлық сыныбынан бастап,4-ші сыныптарға дейін қамтылады.Жұмыс барысында дене шынықтыру,тіл мамандары, педагог-психолог бастауыш сынып мұғалімдері жұмыс атқаратын болады.Сонымен қатар,«Жігер сауықтыру орталығына» жүзуге ( 250 тг), топтық саяхаттар т.б. жоспарлануда.Тамақтану мәселесіне келер болсақ,жалпы оқумен қамту бойынша жеке кәсіпкер «Н.Б.Садыков» оқушыларды тегін тамақтандырады.Ал қалған оқушылар ата-ана қаражатымен тамақтанады.

Биылғы жылы «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Наурыз мерекесі аясында өткен «Қайырымдылық күніне орай,балалардың жазғы демалысын қамтамасыз ету мақсатында «QH Жаздық жолдама -2024» қайырымдылық жобасы бойынша мектебімізге 5-8 сыныптарға төрт жолдама табыс етілді.Екеуі дарынды балаларға,ал екеуі аз қамтылған, топтарға жататын жанұялардың балаларына берілетіндігін атап өтті.Соған сәйкес,жыл көлемінде аудандық,
облыстық,республикалық жетістіктері бар оқушыларға жолдама беру ұсынылуда.Дарынды балалар тобына 6 «ә»сынып жетекшісі Ә.С.Садықова,Есімбек Аян туралы,5 «ә» сынып жетекшісі Г.М.Садыкова,Дәулет Ералы туралы,әлеуметтік педагог Қ.Б.Тилеубаева ,5 «а» сынып оқушысы Ж.Аубакиров, 8 «а» сынып оқушысы Бақатай Еділ жалпы оқумен камту қорындағы аз қамтылған отбасынан шыққан екі оқушы жан-жақты туралы ақпарат берді.

Екінші мәселе бойынша,5-10 сыныптар мектеп алаңын көгалдандыру,жазғы еңбек практикасы туралы К.К.Шолтышева сөз кезегін алды.Өз сөзінде,мектеп жанындағы жылыжайларға және баубақшаларда егілетін жемістер мен көкөністер туралы мәліметтер берді.Соған сәйкес,егілген өсімдіктер мен жидектерді күтіп баптау кестесімен және жауапты тұлғалармен таныстырды.

Үшінші мәселе бойынша,қамқоршылар кеңесінің құрамы ұсыныстарды ескеріп,келер оқу жылына жұмыс жоспарларын құру ұсынылды.

Шешімі:

1. Мектеп жанындағы «Балдәурен» және қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагерьлеріне әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды қатыстыру жұмыстарына ұсынылған оқушылар жіберілсін.

2.5-10 сынып оқушылары, ата-аналардың келісімімен мектеп алаңын көгалдандыру,жазғы еңбек практикасына қатыссын.

3.2024 -2025 оқу жылының қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары, өзгерістер мен толықтыру енгізіліп құрылып,бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: Баужанов Хабзат Касенович

Хатшы: Абжанова Индира Алмасовна